

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 маусымдағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 93-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

№ 9 3 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	<p>М ы н а л а р д ы :</p> <ul style="list-style-type: none"> - қызметтік тұрғын үйлерге теңестірілген тұрғын үйлерді жекешелендіру тәртібін; - қызметтік тұрғын үйлерді жекешелендіру тәртібін 			

	қамтитын Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, Қаржымині, ЭДСМ,	2011 жылғы шілде
2	«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 76 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, Еңбекмині, ЭДСМ, Қаржымині,	2011 жылғы шілде
3	М ы н а л а р д ы : - қызметтік тұрғын үйлерге тенестірілген тұрғын үйлерді беру және оларды пайдалану тәртібін; - Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қатынастарының сипатына байланысты өз міндеттерін орындауы кезеңінде оларды қоныстандыруға арналған қызметтік тұрғын үйді беру және оны пайдалану тәртібін қамтитын Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді беру және оларды пайдалану қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, Қаржымині, ЭДСМ,	2011 жылғы шілде
4	Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидасын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, Қаржымині	2011 жылғы шілде
5	«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы № 1685 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині, ЭДСМ, Қаржымині	2011 жылғы тамыз
6	«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына: - әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін; - жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін қамтитын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині, БҒМ, Қаржымині	2011 жылғы шілде
7	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині, БҒМ, Қаржымині, ЭДСМ	2011 жылғы шілде
8	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині, Қаржымині, АШМ, ЭДСМ, ҚТҮКШИА	2011 жылғы шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК